

Облыстық "ROBOTUR" III мұғалімдер арасындағы байқауын
ұйымдастыру және өткізу туралы
ЕРЕЖЕ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1 Бұл Ереже облыстық "ROBOTUR" III-ші байқауын (бұдан әрі - "ROBOTUR" байқау) ұйымдастыру және өткізу тәртібін

1.2 "ROBOTUR" байқау ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.08.2022 № 371 бұйрығын басшылыққа алады.

1.3 Байқау мұғалімдерінің шығармашылық белсенділігін дамыту, оларды инженерлік машықтандыру, СТЕМ, робототехника және бағдарламалау білімін дамыту, тәжірибелермен алмасуға бағытталған.

1.4 "ROBOTUR" байқау білім беруді дамыту орталығының 1 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.5 Байқауды Түркістан облысының Білім беруді дамыту орталығы өткізеді.

1.6 Бұл ереженің қолдану мерзімі 2023 жылдың 29 желтоқсанына дейін.

2. ROBOTUR" БАЙҚАУЫНЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

2.1 **Мақсаты:** Облыс робототехника мұғалімдерінің шығармашылық және кәсіби өсуін ынталандыру, озық тәжірибелерін жинақтау және тарату.

2.2 Міндеттері:

- педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру;
- озық педагогикалық тәжірибелерді анықтау және тарату;
- білім беру кеңістігін әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру.

3. "ROBOTUR" БАЙҚАУЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ ОРГАНДАРЫ

3.1 "ROBOTUR" байқауының ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіру және жүзеге асыру үшін облыстық білім беруді дамыту орталық директорының бұйрығы негізінде ұйымдастыру комитеті құрылады (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті). Ұйымдастыру комитетінің құрамына білім беруді дамыту орталығының директоры, директордың оқу-әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары, кафедра жетекшілері, орталық қызметкерлері кіреді.

3.2 Облыстық білім беруді дамыту орталығының директоры облыстық олимпиаданы ұйымдастыру комитетінің төрағасы болып табылады.

3.3 Ұйымдастыру комитеті:

• әр санат бойынша байқауды өткізу нысанын, тапсырмалардың түрлерін және бағалау өлшемдерін айқындайды;

• байқауды тікелей басқаруды жүзеге асырады;

• байқаудың ғылыми-әдістемелік деңгейде өтуі үшін санаттар бойынша қазылар алқасы құрамын анықтайды, қазылар алқасы мүшелерінің құрамы мен саны бойынша ұсыныстар енгізеді;

• санаттар бойынша қазылар алқасы жұмысын ұйымдастырады

• ROBOTUR байқауның қорытындысына талдау жасайды және жинақтайды, қазылар алқасының қорытындысы бойынша бұйрықтар мен шешімдердің жобаларын дайындауға қатысады, есеп береді.

4. БАЙҚАУДЫҢ ТӨРЕШІЛЕР АЛҚАСЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

4.1 "ROBOTUR" байқауының төрешілер алқасы: төрағадан (төрайымнан), хатшыдан және алқа мүшелерінен тұрады. Қазылар алқасының төрағасы (төрайымы) мен мүшелерін облыстық білім беруді дамыту орталығының директоры (Ұйымдастыру комитетінің төрағасы) бекітеді. Төрешілер алқасының құрамына ЖОО оқытушылары; біліктілікті арттыру орталықтарының мамандары; тәжірибелі педагогтер; халықаралық және республикалық байқаулардың, сайыстардың жеңімпаз атанған педагогтері; мінсіз беделі мен жоғары біліктілігі бар білім беруді басқару органдарының өкілдері кіреді (келісім бойынша).

4.2 "ROBOTUR" байқауының төрешілер алқасының міндеттері

- ұйымдастыру комитетіне байқау қорытындысы туралы есеп тапсырады;
- ұйымдастыру комитетіне жүлдегерлер мен жеңімпаздарды марапаттау жөніндегі ұсыныстар жасайды;
- байқау қатысушыларының орындаған жұмыстарына талдау жүргізеді;
- жеңімпаздарды анықтайды және ұйымдастыру комитетіне жүлделі орындарды тағайындау үшін ұсыныстар береді;
- қазылар алқасының шешімімен келіспеген жағдайда апелляцияға жүгінген қатысушылардың өтінішін қарайды;

5. "ROBOTUR" БАЙҚАУЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1 Аудандық қалалық білім беру ұйымдары үшін:

- "ROBOTUR" байқау 4 санат бойынша өтеді: 1.Robo Aq suiek, 2.Asyq atu, 3.Мини-сумо 10x10, 4.Робофутбол (басқарылатын).
- Әр ауданнан 1 құрама (7 адам+жауапты әдіскер)

5.2 Байқау ІІ кезеңде өткізіледі:

- бірінші кезең – мектепшілік, аудандық (қалалық) 2023 ж. 30-31 мамыр;
- екінші кезең – облыстық 2023 ж. 12-13 сәуір.

5.2 Байқауды өткізу үшін қатысушылардың кворумы жалпы санының үштен екі санынан кем болмауға тиіс.

5.3 Байқау штаттық режимде (санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды сақтай отырып, офлайн жүйесінде) өткізіледі.

6. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1 Байқауға қатысушылардың құқықтары мен міндеттері:

- байқауға қатысушылар белгіленген уақыттан кешікпей келуі тиіс;
- байқау кезінде әдеп нормаларын сақтауы қажет;
- қатысушыларға аудиторияға ұялы телефонмен кіруіне тыйым салынады;
- байқауға қатысушылар тарапынан қорғаушы педагогке сұрақ қойып, кедергі келтіруге тыйым салынады;
- байқауға қатысушы қазылар алқасының шешімімен келіспеген жағдайда, байқау қорытындысы шыққаннан кейін 2 сағат ішінде апелляцияға жүгінуіне болады;
- Қатысушылар олимпиада ұйымдастырушылары мен қазылар алқасының келісімінсіз суреттер мен бейне таспаға түсіруіне болмайды;

7. "ROBOTUR" БАЙҚАУЫН ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ЖӘНЕ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРДІ МАРАПАТТАУ

7.1. "ROBOTUR" байқауының ашылуы, қорытындысын шығару және қатысушыларды марапаттау салтанатты және мерекелік жағдайда өтеді.

7.2. "ROBOTUR" байқауының жүлдегерлері қазылар алқасының шешімімен әрбір санат бойынша және жалпы есептік көрсеткіш бойынша аудандық/қалалық білім беру

ұйымдарының құрамалары үшін I орын (біреу), II орын (біреу), III орын (біреу) дәрежелі дипломдарымен және 2 номинациямен марапатталады (15 диплом, 8 номинация).

7.3. "ROBOTUR" байқауның дайындауға және өткізуге белсенді қатысқан білім беру ұйымдарының педагогтері Құрмет грамоталарымен марапатталады.

7.4 "ROBOTUR" байқауның жеңімпаздары қазылар алқасының шешімімен марапатталады;

7.4.1. апелляциялық жағдайда шешімі шыққан күні марапатталады.;

7.4.2. т.б. жағдайларда календарлық 1 күн ішінде марапатталады.

8. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУ ТӘРТІБІ

8.1 "ROBOTUR" байқауына қатысу үшін **2023 жылдың 3 сәуірінен кешіктірмей** А/Қ АӘДБ басшысының мөрімен бекітілген сұранысты (кестеге сәйкес) **reception@adisnama.edu.kz** электронды поштасына жіберу қажет.

№	Команда атауы	Ауданы	Мектебі	Аты-жөні	Қатысушының аты-жөні	Жұмыс атауы	Ұялы телефоны, электронды поштасы
1							

8.2 ӨТКІЗУ ҮШІН НЕГІЗДЕМЕ: ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.08.2022 № 371 бұйрығы және Түркістан облысы білім беруді дамыту орталығының 2023 жылға арналған жылдық жұмыс жоспары.

8.3 КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ: облыс мұғалімдерінің шығармашылық белсенділігін дамиды, инженерлік машықтандыру, СТЕМ, робототехника және бағдарламалау бойынша үздік, білімді пән мұғалімдері анықталады, мұғалім мәртебесі артады.

Ақпараттық технологиялар
кафедрасының меңгерушісі

Әдіскерлер



Нуржанова К.



Жолдасбаева Г.

Саипов Д.

Мавленов Н.

Тұрғанбек Н.

